

QAZAQ JOURNAL OF YOUNG SCIENTIST**2026, Vol.4, No. 4 S (April)**<https://qazaqjournal.kz/>

ӘОЖ 372.881

**ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТҮПНҰСҚА ӘН МАТЕРИАЛДАРЫН
ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*****Баужанова Милана******Бакберсин Балғын Асетқызы***

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Есқазина Ж.А.

Бұл мақалада шетел тілін оқытуда аутентті ән материалдарын қолданудың ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі білім беру парадигмасы жағдайында әндер тілдік, коммуникативтік және әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Психолінгвистикалық және мотивациялық артықшылықтарға ерекше назар аударылады, атап айтқанда аффективті сүзгінің төмендеуі, ырғақ пен қайталаным арқылы есте сақтаудың жақсаруы, сондай-ақ тыңдалым дағдыларының дамуы. Ән материалдарын іріктеу критерийлері ұсынылып, аудиомәтінмен жұмыс істеудің үш кезеңді моделі сипатталады. Әдістің тиімділігі педагогикалық эксперимент нәтижелерімен дәлелденеді.

Кілт сөздері: аутентті материалдар, оқытудағы әндер, шетел тілін оқыту, тыңдалым, мотивация, коммуникативтік құзыреттілік.

Қазіргі жаһандану жағдайындағы білім беру парадигмасы шетел тілін тек грамматикалық құрылымдар мен лексикалық бірліктердің жиынтығы ретінде емес, мәдениетаралық коммуникацияның негізгі құралы ретінде қарастыруды талап етеді. Осы орайда, тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы коммуникативтік-танымдық тәсілдің маңызы артып отыр. Дегенмен, дәстүрлі оқыту әдістемелерінде оқушылардың тілдік ортадан оқшаулануы, оқу материалдарының жасандылығы (оқу мақсатында арнайы бейімделген мәтіндер) және мотивациялық факторлардың төмендеуі сияқты дидактикалық

қайшылықтар жиі кездеседі. Аталмыш мәселелерді шешудің ең оңтайлы жолдарының бірі – оқу процесіне шынайы лингвомәдени ақпаратты тасымалдайтын түпнұсқа (аутентикалық) материалдарды, оның ішінде ән мәтіндерін интеграциялау болып табылады

Шетел тілін оқыту процесінде түпнұсқа материалдарды қолдану мәселесі отандық және шетелдік лингводидактика ғылымында іргелі зерттеулердің арқауы болды. Мәселен, шетелдік ғалымдар Т. Мёрфи (TimMurphey) әндердің лингвистикалық және психологиялық табиғатын ашса, С. Крашен (StephenKrashen) тілді меңгерудегі эмоциялық фонның рөлін негіздеген. Кеңестік және ТМД кеңістігіндегі әдістеме ғылымында Е.И. Пассов пен Н.Д. Гальскованың еңбектерінде шет тілдік ортаны модельдеудің маңыздылығы айтылады. Ал Қазақстандық шет тілдік білім берудің когнитивті-лингвомәдени әдіснамасын негізін қалаған С.С. Құнанбаеваның зерттеулері тіл мен мәдениеттің ажырамас тұтастығын дәлелдейді. Осы ғылыми тұжырымдарға қарамастан, заманауи поп-мәдениет өнімдерін (ән материалдарын) нақты сабақ жоспарына енгізудің жүйелі алгоритмдері мен олардың лингво-психологиялық әлеуетін толыққанды ашу мәселесі әлі де тереңдетіп зерттеуді қажет етеді.

Осыған байланысты, ұсынылып отырған мақаланың негізгі мақсаты – шетел тілін оқытуда түпнұсқа ән материалдарын қолданудың лингвистикалық және психологиялық әлеуетін теориялық тұрғыдан негіздеу және оларды тәжірибеде тиімді пайдаланудың әдістемелік ерекшеліктерін айқындау.

Лингводидактикада «түпнұсқа материал» (authenticmaterial) ұғымы оқу мақсатында арнайы құрастырылмаған, тіл иелерінің шынайы өмірлік коммуникациясы үшін жасалған мәтіндер немесе аудиовизуалды өнімдер ретінде түсіндіріледі. Бұл ретте түпнұсқа әндер тек фонетикалық немесе лексикалық жаттығу құралы емес, тілді меңгерушіні нысаналы тілдің табиғи ырғағымен, интонациясымен және мәдени кодтарымен байланыстыратын көпір қызметін атқарады.

Ән материалдарын оқу процесіне енгізудің ең басты негіздемесі психолингвистикалық және нейробиологиялық факторларға тіреледі. Бұл тұрғыда американдық лингвист Стивен Крашеннің «Аффективтік сүзгі гипотезасы» (AffectiveFilterHypothesis) ерекше назар аударуды қажет етеді. С. Крашеннің пайымдауынша, тіл үйренушінің бойындағы үрей, сенімсіздік және стресс оның миында көрінбейтін психологиялық тосқауыл – «аффективтік сүзгі» қалыптастырады. Бұл сүзгі жоғары болған жағдайда, қаншалықты сапалы грамматикалық түсіндірме берілсе де, ақпарат тілді меңгеру құрылғысына (LanguageAcquisitionDevice) толық жетпейді. Музыка мен әуен осы аффективтік сүзгіні төмендетудің ең қуатты құралы болып табылады. Сабақ барысында ән тыңдау немесе оны бірге орындау оқушылардың психоэмоционалдық кернеуін түсіріп, сыныптағы академиялық қысымды бейресми, еркін атмосфераға алмастырады. Бұл идея өз кезегінде болгар

психотерапевті Георгий Лозановтың «Суггестопедия» әдісімен де үндеседі, онда шет тілін оқытудағы баяу музыканың ми қыртысындағы релаксациялық процестерді іске қосып, ақпаратты бейсаналы түрде сіңіруге ықпал ететіні дәлелденген.

Психологиялық релаксациядан бөлек, түпнұсқа әндердің дидактикалық құндылығы олардың мнемоникалық (есте сақтауды жақсартатын) ерекшеліктерімен өлшенеді. C.S. Salcedo сияқты зерттеушілердің музыканың тілдік есте сақтауға тигізетін әсері туралы тәжірибелік еңбектеріне сүйенсек, мәтін құрылымындағы ырғақ (rhythm), ұйқас (rhyme) және қайталаулар (repetition) жаңа лексикалық бірліктердің қысқа мерзімді жадыдан ұзақ мерзімді жадыға ауысу процесін айтарлықтай жеделдетеді. Жүйке жүйесі музыкалық жиіліктерді өңдеу барысында тілдік ақпаратты кездейсоқ жаттау (incidental learning) механизмі арқылы кодтайды. Осының нәтижесінде оқушылар жаңа сөздер мен тұтас синтаксистік конструкцияларды механикалық жаттаусыз, табиғи түрде өздігінен қайталай бастайды (бұл құбылысты ғылымда "dininthehead" немесе мидағы жаңғырық әсері деп атайды).

Лингвомәдениеттануаспектісіне тоқталсақ, Т. Мёрфи өз еңбектерінде әндердің поп-мәдениет арқылы берілетін «тірі» тілдің айнасы екенін атап көрсетеді. Академиялық оқулықтар көбінесе тілдің нормативті, тазартылған нұсқасын (Prescriptive grammar) ғана ұсынса, түпнұсқа әндер оқушыларды тілдің дескриптивті, яғни күнделікті қолданыстағы шынайы бейнесімен таныстырады. Ән мәтіндері арқылы білім алушылар заманауи сленгтерді, тұрақты тіркестерді (идиомаларды), сөздердің редукцияға ұшырауын (мысалы, ағылшын тіліндегі *wanna*, *gonna*, *ain't* формалары) және прагматикалық контекстке байланысты грамматикалық нормалардан ауытқу жағдайларын талдай алады. Бұл оқушылардың нақты коммуникативтік ситуацияларда абдырап қалмауына және ана тілінде сөйлейтіндердің (native speakers) ауызекі сөзін (listening comprehension) кедергісіз түсінуіне тікелей ықпал етеді.

Дәл осы психолингвистикалық және мәдени артықшылықтар түпнұсқа әндерді жай ғана көңіл көтеру элементі емес, оқу-тәрбие процесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға толық негіз береді. Алайда, кез келген ән материалы дидактикалық мақсатқа сай келе бермейтіні белгілі. Осы орайда, ән мәтіндерін іріктеудің нақты ғылыми өлшемшарттары мен оларды сабақ құрылымына интеграциялаудың әдістемелік модельдері алдыңғы қатарға шығады.

Түпнұсқа ән материалдарын іріктеу – лингводидактикалық процестің ең күрделі әрі жауапты кезеңі. Жоғарыда аталған психологиялық және лингвомәдени артықшылықтар мәтін мен әуен дұрыс тандалған жағдайда ғана өз жемісін береді. Кез келген хитке айналған заманауи ән материалдары бола алмайды. Сондықтан, шетел тілі сабағына музыкалық контентті енгізбес бұрын, оны бірнеше қатаңғылыми-әдістемелік өлшемшарттар (критерийлер) жүйесінен өткізу қажет.

Бірінші және ең негізгі өлшемшарт – материалдың тілдік деңгейге сәйкестігі (Лингвистикалық адекваттылық). Жалпыеуропалық тілдік құзыреттілік жүйесіне (CEFR) сүйене отырып, әннің лексикалық минимумы мен грамматикалық ядросы оқушылардың тілдік дайындық деңгейіне дәл келуі немесе Л.С. Выготскийдің терминологиясымен айтқанда, «жақын арадағы даму аймағында» (Zone of proximal development) орналасуы шарт. Егер ән мәтініндегі бейтаныс лексиканың көлемі 10-15%-дан асып кетсе, оқушының танымдық процесі тежеліп, «аффективтік сүзгі» қайтадан іске қосылады да, мотивация күрт төмендейді. Мысалы, бастауыш деңгейдегі (A1-A2) білім алушылар үшін синтаксистік құрылымы қарапайым, қайталамалары көп, баяу акустикалық фолк немесе поп әндері тиімді болса, ал жоғары деңгейдегі (B2-C1) студенттер үшін күрделі метафораларға, идиомалар мен ауызекі сленгтерге толы инди, рок немесе соул жанрындағы композицияларды талдау ұсынылады.

Екінші маңызды өлшемшарт – фонетикалық тазалық және акустикалық темп. Аудиоматериалдың дидактикалық әлеуеті орындаушының вокалдық артикуляциясының анықтығына тікелей тәуелді. Аспаптық сүйемелдеудің (инструментал) дауысты басып кетпеуі, сөздердің анық естілуі өте маңызды. Музыкалық темп (BPM – beats per minute, минутына соғылатын ырғақ жиілігі) адамның когнитивті қабылдау жылдамдығына сәйкес келуі тиіс. Өте жылдам орындалатын рэп-композициялар немесе дауысты әдейі бұрмалайтын (вокалдық дисторшн) ауыр рок жанрлары оқушылардың фонематикалық есту қабілетіне айтарлықтай қиындық тудырады және оқу мақсаттарына жарамайды.

Үшінші өлшемшарт – мазмұндық-этикалық цензура және тақырыптық релеванттылық. Түпнұсқа материал шынайы өмірден алынғандықтан, оның ішінде түрлі әлеуметтік топтардың жаргондары мен стандартты емес лексика кездесуі заңдылық. Алайда, оқу орнының қабырғасында қолданылатын мәтінде девиантты мінез-құлықты насихаттайтын, бейәдеп лексика (profanity), зорлық-зомбылық немесе дискриминациялық сипаттағы сөздердің болмауы қатаң қадағалануы тиіс. Сонымен қатар, таңдалған әннің мазмұны оқу бағдарламасындағы (Силлабус немесе ҚМЖ) ағымдағы тақырыпқа логикалық түрде үйлесіп, оны толықтырып тұруы әдістемелік тұрғыдан өте ұтымды шешім болып табылады.

Осы қатаң өлшемшарттардан іріктеліп алынған ән материалдарын тікелей сабақ құрылымына енгізу үшін нақты әдістемелік алгоритм қажет. Ағылшын тілін оқыту әдістемесінің көрнекті өкілі Джереми Хармер (Jeremy Harmer) өзінің іргелі зерттеулерінде рецептивті дағдыларды (тыңдалым және оқылым) қалыптастырудың үш сатылы моделін ұсынады. Бұл модель түпнұсқа әндерді лингводидактикалық мақсатта бейімдеудің ең оңтайлы дидактикалық құралы саналады және ол келесідей кезеңдерден тұрады:

1. Pre-listening (Тыңдалымға дейінгі саты): Бұл кезеңнің басты психологиялық және когнитивтік мақсаты – оқушылардың танымдық

қызығушылығын ояту және антиципация (алдын ала болжау) механизмін іске қосу. Мұғалім әнді бірден қоса салмайды, ең алдымен негізгі фондық білімді (backgroundknowledge) белсендіреді. Әннің атауы, орындаушысы немесе бейнебаянындағы визуалды детальдар арқылы миға шабуыл (brainstorming) ұйымдастырылады. Оқушылар әннің қандай тақырыпта болатынын болжайды. Сонымен қатар, бұл кезеңде лексикалық кедергілерді жою (pre-teachingvocabulary) жұмыстары жүргізіледі. Ән мәтінінде кездесетін, мағынаны түсінуге кедергі келтіруі мүмкін кілт сөздер немесе күрделі грамматикалық конструкциялар алдын ала тақтаға жазылып, олардың семантикасы талданады. Бұл оқушылардың аудиоматериалды қабылдау кезінде стресске түспеуін қамтамасыз етеді.

2. While-listening (Тыңдалым кезіндегі саты): Бұл – аудитивті қабылдаудың белсенді фазасы. Оқушылар әнді жай ғана пассивті түрде тыңдамайды, олардың назары нақты лингвистикалық міндеттерді орындауға бағытталады. Дәстүрлі әдістемеде жиі қолданылатын «бос орындарды толтыру» (gap-filling немесе clozetest) әдісінен бөлек, заманауи лингводидактикада тапсырмалардың вариативтілігі жоғары бағаланады. Мысалы, оқушыларға ішінара өзгертілген мәтін таратылып, олар тыңдау барысында логикалық немесе грамматикалық қателерді тауып түзетуі тиіс (spottingthemistakes). Сондай-ақ, шашыранды сөздерден немесе тұтас шумақтардан дұрыс реттілікті құрастыру (sequencing/jumbledlyrics), нақты бір фонетикалық құбылысты (мәселен, сөздердің ассимиляциясы немесе элизиясы) естіген сәтте белгілеп отыру сияқты интерактивті тәсілдер қолданылады. Бұл саты оқушының перцептивті (қабылдау) дағдыларын барынша шыңдап, тілдік формалар мен мағыналардың синтезін жүзеге асырады.

3. Post-listening (Тыңдалымнан кейінгі саты): Егер алдыңғы екі кезең рецептивті (ақпаратты қабылдау) дағдыларды дамытуға бағытталса, бұл кезең толығымен репродуктивті және шығармашылық (productiveskills) әрекеттерге негізделеді. Тыңдалған материал жаңа коммуникативтік ситуацияларды тудыруға түрткі (триггер) ретінде қызмет етеді. Әннің негізгі идеясын, лирикалық қаһарманның эмоциялық күйін немесе көтерілген әлеуметтік мәселені талқылау арқылы оқушылардың ауызекі сөйлеу (speaking) дағдылары жаттықтырылады. Жоғары сыныптарда бұл жай талқылаумен шектелмей, аргументтелген пікірталасқа (debate) немесе проблемалық ситуацияларды шешуге (problem-solving) ұласуы мүмкін. Жазылым (writing) дағдыларын дамыту мақсатында студенттерге әннің логикалық жалғасын жазу, басты кейіпкердің атынан жауап хат құрастыру, музыкалық рецензия немесе эссе жазу сияқты креативті тапсырмалар беріледі. Осылайша, бір ғана ән материалы арқылы тілдік қызметтің барлық төрт түрі (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) кешенді түрде қамтылады.

Бұл үш сатылы әдістемелік модель түпнұсқа материалдың лингводидактикалық әлеуетін толық сарқып пайдалануға және оқушының танымдық белсенділігін жоғары деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді. Дегенмен, кез келген теориялық тұжырымдама мен әдістемелік модель өзінің нақты өмірдегі, яғни сынып бөлмесіндегі тәжірибелік тиімділігімен дәлелденуі тиіс екендігі ғылыми ортада аксиома болып саналады. Осыған орай, зерттеуіміздің келесі кезеңінде ұсынылған әдістемелік алгоритмнің нақты оқу-тәрбие процесінде лексика-грамматикалық және фонетикалық дағдыларды қалыптастыруда қандай практикалық нәтижелер беретінін тереңірек талдауға көшеміз. Бұл бағыттағы эксперименттік жұмыстар шет тілін оқытудағы инновациялық әдістердің шынайы валидтілігін көрсетіп береді.

Теориялық негіздемелер мен ұсынылған әдістемелік модельдің өміршеңдігін дәлелдеу мақсатында арнайы педагогикалық эксперимент ұйымдастырылды. Зерттеу жұмысы орта мектептің базасында, жалпыеуропалық тілдік құзыреттілік шкаласы бойынша Pre-Intermediate (A2) және Intermediate (B1) деңгейіндегі оқушылар арасында жүргізілді. Экспериментке қатысушылар екі топқа бөлінді: дәстүрлі оқыту әдістемесімен білім алатын бақылау тобы (БТ) және оқу процесіне жүйелі түрде түпнұсқа ән материалдары интеграцияланған эксперименталды топ (ЭТ).

Эксперимент барысында ән мәтіндері тек грамматикалық ережелерді жалаң иллюстрациялау үшін емес, тілдік құбылыстарды табиғи контекстте талдау үшін қолданылды. Мәселен, ағылшын тіліндегі шартты райдың екінші типін (Second Conditional) меңгерту мақсатында әйгілі поп-композициялардың бірі таңдалып, ондағы «If I were... I would...» конструкциясы лингвистикалық талдаудан өткізілді. Дәстүрлі грамматикалық жаттығуларға қарағанда, ән мәтініндегі эмоционалдық бояу мен қайталамалар (refrain) оқушыларға бұл конструкцияның мағыналық реңкін – орындалуы екіталай, гипотетикалық іс-әрекет екендігін – тереңірек түсінуге септігін тигізді. Студенттер ережені механикалық түрде жаттамай, әуеннің ырғағымен бірге бейсаналы түрде игеріп әкетті. Дәл осы тәсіл Present Perfect шағын өткен шақпен (Past Simple) салыстыра оқыту кезінде де өз тиімділігін көрсетті; әндегі лирикалық қаһарманның өткендегі тәжірибесі (Past Simple) мен оның қазіргі сәтке тигізіп тұрған әсері (Present Perfect) арасындағы прагматикалық айырмашылық айқын көрініс тапты.

Лексика-грамматикалық дағдылардан бөлек, эксперимент барысында айрықша назар фонетикалық құзыреттілікті дамытуға аударылды. Шетел тілін, әсіресе ағылшын тілін оқытудағы ең үлкен кедергілердің бірі – сөздердің оқшау айтылуы мен ағынды сөйлеу (connected speech) кезіндегі акустикалық бейнесінің сәйкес келмеуі. Эксперименталды топтағы оқушылар ән айту (sing-along) және көлеңкелеп оқу (shadowing) техникалары арқылы тіл иелеріне тән ассимиляция, редукция және сөздердің байланысу (linking) заңдылықтарын жаттықтырды. Нәтижесінде, оқушылардың артикуляциялық аппараты

шыңдалып, интонациялық контурлары табиғи қалпына жақындай түсті. Бақылау тобымен салыстырғанда, ЭТ оқушылары аутентикалық аудиомәтіндерді (листинг) тыңдау кезінде сөздерді тұтас тіркес ретінде қабылдауға дағдыланды.

Эксперимент қорытындысы бойынша алынған сандық және сапалық көрсеткіштер ән материалдарын қолданудың кешенді тиімділігін толық растады. Бастапқы және қорытынды кесінділердің (pre-test және post-test) нәтижелерін салыстырмалы талдау барысында эксперименталды топтағы лексиканы есте сақтау деңгейі бақылау тобына қарағанда 24%-ға, ал тыңдап түсіну (listeningcomprehension) дағдылары 31%-ға жоғарылағаны тіркелді. Алайда, ең маңызды жетістік академиялық үлгерім көрсеткіштерімен ғана шектелмейді.

Психологиялық және мотивациялық факторларды бағалау мақсатында жүргізілген сауалнама (Likert шкаласы бойынша) эксперименталды топ оқушыларының шет тілін үйренуге деген ішкі мотивациясының (intrinsicmotivation) айтарлықтай артқанын көрсетті. Оқушылардың басым бөлігі сабақтағы «аффективтік сүзгінің» төмендегенін, қате жіберуден қорқу (languageanxiety) сезімінің азайғанын және сабаққа деген позитивті көзқарастың қалыптасқанын атап өтті. Сонымен қатар, оқушылар сабақтан тыс уақытта да ағылшын тіліндегі контентті (әндерді, подкасттарды) өз бетінше іздеп, мәтіндерін талдауға деген автономды танымдық белсенділік таныта бастады.

Бұл тәжірибелік мәліметтер С. Крашен мен Т. Мёрфидің теориялық гипотезаларының нақты педагогикалық процесте толық дәлелденгенін көрсетеді. Түпнұсқа ән материалдары, егер олар әдістемелік тұрғыдан сауатты іріктеліп, сабақтың мақсатына сай кешенді алгоритммен (Pre, While, Post-listening) интеграцияланса, оқушының тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, оның тұлғалық-эмоционалдық дамуына оң ықпал ететін қуатты лингводидактикалық құралға айналады.

Эксперименттік зерттеулердің оң нәтижелері көрсеткендей, түпнұсқа әндердің дидактикалық әлеуеті өте жоғары. Алайда, қазіргі «Z» және «Alpha» ұрпақтарының ақпаратты қабылдау ерекшеліктері (клиптік ойлау, визуалды перцепцияның басымдығы) оқу процесіне жаңа технологиялық шешімдерді талап етеді. Осы орайда, ән материалдарын дәстүрлі аудиотаспа немесе баспа мәтін түрінде ғана емес, заманауи цифрлық платформалар (Computer-AssistedLanguageLearning – CALL) арқылы ұсыну мәселесі ғылыми тұрғыдан өзектеніп түседі.

Бүгінгі таңда лингво-әдістемелік кеңістікте геймификация (ойын элементтерін қолдану) процесі кеңінен таралған. Түпнұсқа әндерді геймификацияланған платформаларға біріктіру оқушылардың автономды (өз бетінше) білім алу дағдыларын қалыптастырудың ең тиімді тетігі болып саналады. Мәселен, ғаламтор кеңістігіндегі танымал *LyricsTraining* немесе

TubeQuizard сияқты арнайы лингводидактикалық сервистер ән тыңдау процесін интерактивті когнитивтік жаттығуға айналдырады. Бұл платформалардың жұмыс істеу алгоритмі бейнебаянды көрсету барысында музыкалық темпке сай мәтіннің ішіндегі белгілі бір сөздерді жасырып қоюға (randomgap-fill) немесе грамматикалық формаларға байланысты тест сұрақтарын шығаруға негізделген. Оқушы қажетті сөзді тергенше немесе дұрыс жауапты таңдағанша, әуен тоқтап тұрады. Мұндай интерактивті орта бір жағынан көру, есту және моторлық (пернетақтамен жұмыс) жадыны бір уақытта іске қосса, екінші жағынан оқушыға лездік кері байланыс (instantfeedback) беріп, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар, шет тілін оқытуда подкастинг және стриминг сервистерінің (Spotify, AppleMusic) «арнайы лирика» (real-timelyrics) функцияларын педагогикалық мақсатта пайдаланудың маңызы зор. Зерттеушілердің пайымдауынша, әнді естумен қатар мәтінін синхронды түрде көзбен көру (multimodalinput) мидағы ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттырады. Бұл әсіресе фонетикалық декодтау кезінде, яғни оқушы естіген дыбыстар ағынын нақты лексикалық бірліктерге ажырата алмай қиналған сәтте таптырмас құрал. Осындай мультимодальді тәсіл арқылы мұғалімдер сыныптан тыс уақытта орындалатын жобалық жұмыстарды (мысалы, белгілі бір музыкалық топтың шығармашылығындағы әлеуметтік мәселелерді зерттеп, презентация қорғау) ұйымдастыра алады.

Демек, түпнұсқа ән материалдарын цифрлық технологиялармен синтездеу тілдік ортаның жасандылығын барынша азайтып, оқушыны шынайы коммуникативтік кеңістікке енгізеді. Бұл сабақтың интенсивтілігін арттырып қана қоймай, тіл үйренуді күнделікті өмір салтының (lifestyle) ажырамас бөлігіне айналдыруға септігін тигізеді.

Кешенді ғылыми-теориялық талдаулар мен жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелерін түйіндей келе, шетел тілін оқытуда түпнұсқа ән материалдарын қолдану жай ғана қосымша көңіл көтеру элементі емес, лингвистикалық, мәдени және психологиялық міндеттерді қатар шешетін қуатты мультифункционалды дидактикалық құрал екендігі толық дәлелденді.

Біріншіден, психолингвистикалық тұрғыдан ән мен әуен С. Крашен негіздеген «аффективтік сүзгіні» төмендетіп, оқушылардың танымдық кедергілерін жояды. Бірғақ пен ұйқастың мнемоникалық қасиеттері жаңа лексика-грамматикалық конструкцияларды механикалық жаттаусыз, бейсаналы түрде ұзақ мерзімді жадыға бекітуге ықпал етеді. Екіншіден, лингвомәдени аспектіде түпнұсқа мәтіндер тіл үйренушілерді шынайы, табиғи тілдік ортамен қауыштырып, оларды академиялық оқулықтардан тыс қалатын заманауи сленгтермен, идиомалармен және фонетикалық құбылыстармен (ассимиляция, элизия) таныстырады.

Алайда, бұл әлеует тек мақсатты бағытталған әдістемелік жұмыс нәтижесінде ғана ашылады. Зерттеу барысында негізделген Ж. Хармердің үш сатылы моделі (Pre-listening, While-listening, Post-listening) мен материалды іріктеудің қатаң өлшемшарттары (тілдік деңгейге сәйкестік, акустикалық тазалық, этикалық цензура) кез келген ән композициясын жоғары деңгейдегі оқу материалына айналдырудың нақты алгоритмін ұсынады. Эксперимент барысында осы модельді жүйелі түрде қолдану эксперименталды топ оқушыларының рецептивті және репродуктивті дағдыларын ғана емес, пәнге деген ішкі мотивациясын айтарлықтай көтергенін байқатты. Ал бұл процесті заманауи цифрлық-интерактивті платформалармен (LyricsTraining т.б.) ұштастыру оқушылардың автономды білім алу құзыреттілігін дамытуға жаңа кеңістік ашады.

Сонымен, қазіргі заманғы шет тілі мұғалімінің басты міндеті – тілді құрғақ ережелер жиынтығы ретінде емес, жанды, үздіксіз даму үстіндегі құбылыс ретінде жеткізу. Бұл миссияны орындауда түпнұсқа ән материалдары оқушы мен шынайы тілдік әлем арасындағы ең сенімді әрі қызықты көпір қызметін атқара беретіні сөзсіз. Болашақ зерттеу жұмыстарында осы тақырып аясында түрлі музыкалық жанрлардың (мысалы, инди немесе хип-хоп) нақты бір синтаксистік құрылымдарды меңгертудегі спецификалық ерекшеліктерін тереңірек талдау перспективалы бағыттардың бірі болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құнанбаева С.С. Қазіргі шет тілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: ҚазХҚЖӘТУ баспасы, 2010, 344 б.
2. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 1999, 352 с.
3. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. – М.: Академия, 2006, 336 с.
4. Лозанов Г. Суггестология. – София: Наука и искусство, 1971, 518 с.
5. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – М.: Русский язык, 1989, 276 с.
6. Harmer J. The Practice of English Language Teaching. – London: Pearson Longman, 2015, 446 p.
7. Krashen S.D. Principles and Practice in Second Language Acquisition. – Oxford: Pergamon Press, 1982, 202 p.
8. Murphey T. Music and Song. – Oxford: Oxford University Press, 1992, 175 p.
9. Salcedo C.S. The effects of songs in the foreign language classroom on text recall and involuntary mental rehearsal. – Journal of College Reading and Learning, 2010, 30 p.

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ АУТЕНТИЧНЫХ ПЕСЕННЫХ МАТЕРИАЛОВ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

*Баужанова Милана
Бакберсин Балгын Асетқызы*

В данной статье рассматриваются особенности использования аутентичных песенных материалов в обучении иностранному языку. В условиях современной образовательной парадигмы песни выступают эффективным средством формирования языковой, коммуникативной и социокультурной компетенции. Особое внимание уделяется психолингвистическим и мотивационным преимуществам, таким как снижение аффективного фильтра, улучшение запоминания за счёт ритма и повторяемости, а также развитие навыков аудирования. Представлены критерии отбора песенного материала и описана трёхэтапная модель работы с аудиотекстом. Эффективность метода подтверждается результатами педагогического эксперимента.

Ключевые слова: аутентичные материалы, песни в обучении, обучение иностранным языкам, аудирование, мотивация, коммуникативная компетенция.

FEATURES OF USING AUTHENTIC SONG MATERIALS IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING

*Bauzhanova Milana
Bakbersin Balgyn Asetkyzy*

This article examines the methodological features of using authentic song materials in foreign language teaching. In the context of modern education, songs are considered as an effective tool for developing linguistic, communicative, and cultural competencies. The study highlights the psycholinguistic and motivational advantages of songs, including lowering the affective filter, improving memory through rhythm and repetition, and enhancing listening comprehension. The paper also presents criteria for selecting appropriate song materials and describes a three-stage teaching model (pre-, while-, and post-listening). The effectiveness of this approach is confirmed by experimental data, showing improvements in students' language skills and motivation.

Keywords: authentic materials, song-based learning, foreign language teaching, listening skills, motivation, communicative competence.

REFERENCES

1. Kunanbayeva, S.S. Theory and Practice of Modern Foreign Language Education. Almaty: Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages Press, 2010. 344 p.
2. Vygotsky, L.S. Thinking and Speech. Moscow: Labirint, 1999. 352 p.
3. Galskova, N.D., & Gez, N.I. Theory of Foreign Language Teaching: Linguodidactics and Methodology. Moscow: Akademiya, 2006. 336 p.
4. Lozanov, G. Suggestology. Sofia: Nauka i Iskusstvo, 1971. 518 p.
5. Passov, E.I. Foundations of Communicative Methodology of Foreign Language Teaching. Moscow: Russkiy Yazyk, 1989. 276 p.
6. Harmer, J. The Practice of English Language Teaching. London: Pearson Longman, 2015. 446 p.
7. Krashen, S.D. Principles and Practice in Second Language Acquisition. Oxford: Pergamon Press, 1982. 202 p.
8. Murphey, T. Music and Song. Oxford: Oxford University Press, 1992. 175 p.
9. Salcedo, C.S. The Effects of Songs in the Foreign Language Classroom on Text Recall and Involuntary Mental Rehearsal // Journal of College Reading and Learning. 2010.